

указывается на важность использования стратегий для любых целей чтения. Чтобы успешно понимать текст, учащийся должен овладеть набором техник и стратегий. Стратегии используются индивидуально, но, чтобы выбрать подходящую стратегию, учащийся должен их знать. В данном случае была предложена анкета об использовании стратегий чтения на уроке, чтобы понять общую осведомленность среди 24 учеников 8-х классов. Эта статья написана как дополнительный компонент к выпускной дипломной работе.

Ключевые слова: навыки чтения; стратегии чтения; сканнинг; скимминг; углубленное чтение; процесс чтения; этапы чтения.

Ағылшын тілін оқытуда оқу дағдыларын дамыту

А.В.Носко

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа

Мақалада ақпарат беру мен алу құралы ретінде қазіргі әлемде оқу дағдыларын дамытудың өзектілігі мен маңыздылығы сипатталған. Автор мәтіндермен жұмыс істеу алгоритмдері мен кезеңдерін және оларды ағылшын тілі сабағында енгізуді ұсынады. Бұл мақалада басты назар оқылымның осындай түрлерін қолдануға бағытталған: тілдік сабақтарда терең оқу, скимминг және сканнинг. Мақалада оқудың кез-келген түріне арналған стратегияларды қолданудың маңыздылығы анықталған. Мәтінді сәтті түсіну үшін білім алушы техникалар мен стратегиялардың жиынтығын игеруі керек. Стратегияны қолданудан бөлек, қандай стратегияны, стратегияның қолданылуын, мазмұның біліп тандау үшін оқушы жоғарыда айтылған нәрсені біліп, түсінуі қажет. Бұл жағдайда 8-сынып оқушылары арасындағы 24 хабардарлықты түсіну үшін сабақта оқу стратегиясын қолдану туралы сауалнама ұсынылды. Бұл мақала дипломдық жұмыстың қосымша компоненті ретінде жазылған.

Түйін сөздер: оқу дағдылары; оқу стратегиялары; сканнинг; скимминг; терең оқу; оқу процесі; оқу кезеңдері.

Receives: 17.06.2021.

МРНТИ 14.23.09

<https://doi.org/10.51889/2021-2.2077-6861.24>

Г.Б.ТҮШПГЕН¹, З.Е.ЖҰМАБАЕВА¹*

*¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (Көкшетау, Қазақстан)
gulnur270998@gmail.com*, Zezh@mail.ru*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жобалық қызмет технологиясын жүзеге асыру үдерісі қарастырылады. Жалпы білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңыздылығы анықталады. Теориялық талдау негізінде зерттеу тақырыбы бойынша «жобалау қызметінің технологиясы» және «шығармашылық» ұғымдарының негізгі анықтамалары беріледі. Автор өз зерттеулерінің контекстінде жобалық қызмет технологиясының ерекшеліктерін және мектепке дейінгі мекемеде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда тәрбиешінің қолдану тиімділігін қарастырады. Сонымен қатар Л.С.Дышлевый мен Л.В.Яценко бойынша шығармашылық қызметтің бес белгісін, Т.Е.Сыздықова мен Ю.Б.Иманова бойынша белсенді топтық жұмыс арқылы мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қызметін дамыту сапасының тиімділігін білдіреді. Сурет салуға, жапсыруға және жапсыруға шығармашылық сабақтар өткізудің практикалық мысалдары келтірілген.

Түйін сөздер: шығармашылық; қабілет; жобалау; технология; оқу іс әрекеті; дамыту; мектеп жасына дейінгі.

Кіріспе. Мектеп жасына дейінгі білім беру жүйесінде шығармашылық қабілетін дамытуға арналған жобалау технологиясында әдістемелік құралдар жеткіліксіз. Сондықтан мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мекемелерінде педагогикалық үрдістің дұрыс бағдарлануы мен құрылымын, жобалау технологиясы арқылы болжайды. Жобалау технологиясының ерекшелігі – баланың алдағы іс-әрекетін жобалау мен оның субъекті бола алуы. Жобалаудың тәжірибелік педагогикалық әдісі балалардың жан-жақты дамуына ықпал жасайды. Жобалау технологиясын қолдану арқылы шығармашылық қабілетін дамытудың тиімділігін арттыруды қажет етеді.

Негізгі бөлім. Шығармашылық ұғымы - ойлап табу деген мағынаны білдіреді. Шығармашылық – құнды нәтижеге жету, жаңашылдыққа ұмтылу және тарихи қоғамдық мәні жоғары, жаңалық ашатын іс-әрекет – деп түсіндіріледі [1]. Л.С.Выготский «шығармашылық» деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Шығармашылық бұл табиғат берген ұлы қабілет. Қазіргі жағдайда мемлекеттің даму деңгейі жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық деңгейімен анықталады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – қазіргі кездегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Адамзаттың бүгінгі күнге дейін жеткен бүкіл жетістіктері шығармашылық арқылы келген.

Жобалау технологиясы педагог және балалар үшін өте тиімді. Педагогикалық жобалау бала іс-әрекетіне бағытталса, балалардың жобалауы өз іс-әрекетінің нәтижесіне, яғни өзінің жасап жатқан әрекетін ойлап, жоспарлап, соңында дұрыс жол таңдауға бағыттайды. Жобалау әртүрлі белгілеріне және іс-әрекеттің басымдық түрлеріне қарай бөлінеді. Мектепке дейінгі оқыту жүйесінде жобалардың мынадай түрлері пайдаланылады: эмпирикалық жоба, зерттеушілік жоба, рөлдік ойындар жобасы, шығармашылық жоба және т.б. [2, 128 б.].

Шығармашылық жоба негізінен алдынала дайындықсыз құрылады. Балалар қағаздардан түрлі пішіндер мен үлгілер жасай отырып, сонымен қатар үстел үсті театры арқылы әңгіме ойластыра алуы керек. Шығармашылық жобалауда табиғи өнімдер мен қажетсіз материалдар пайдаланылған жөн. Жалпы жобалау технологиясы мектепке дейінгі баланың жеке басының шығармашылығын еркін дамыту болып табылады [3].

Шығармашылық дамытудың жалпы міндеттері:

- шығармашылық қиялы мен ойлауы;
- қабілеттерін жетілдіру;
- коммуникативтік.
- дағдыларды қалыптастыру.

Жобаны іске асыру кезінде шығармашылық қабілетін дамытуға әр түрлі әдістер қолданылады. Жұмыс істеу түрлері: сюжеттік рөлдік ойындар, табиғи материалдармен ойындар, сурет салу, ермексаздан мүсіндеу, жапсыру (апликация) және т.б.

Зерттеу әдіснама. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерінде ең алдымен «қабілет» сөзінің мәнін түсініп алуы талап етеді. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында педагогтар балалардың мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген деңгейде білім алып және жеке шығармашылық қабілеттерін дамуы үшін жағдай жасауға міндетті делінген. Мектепке дейінгі алған білімі баланың шығармашылық дамуына мүмкіндік беріп, өнімді, шығармашыл, өзіндік ойлауы жоғары болуына септігін тигізуі тиіс. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны бес білім беру саласын қамтиды: «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта», «Таным» [8].

Шетелдік ғалымдар (В.А.Сухомлинский, Л.С.Дышлевый, Л.В.Яценко, т.б) және отандық (А.Д.Сыздықов пен Ю.Б.Иманова) бала қабілетінің екі түрлі деңгейі болады деп айтқан. Соның бірі шығармашылық әдіс – жаңа нәрсені ойлап табу бағытындағы қабілет деңгейі. Сондықтан балаға дұрыс бағдар бере отырып, баланың өз бетімен жұмыс істеуіне

қолдау көрсету керек. Оқу іс-әрекетінде тәрбиеші мен бала тығыз байланыста болып педагогикалық шеберлігін бала бойындағы мүмкіндіктерді ашуға шығармашылық жағдай жасауы қажет. Сонымен бірге, оқу іс-әрекетінде шығармашылық тапсырмалар беріп отыруы керек. Шығармашылық тапсырманы баланың жас ерекшелігіне, қабілетінің даралығына қарап беруге болады [4].

Шығармашылық әрекетінің бес белгілерін Л.С.Дышлевый мен Л.В.Яценко атап көрсетті: әрекетті өзгертуге нұсқаулар, саналы мақсатты жорамалдау, адамның күш жігері байқалатын мәде-ниет, адам жасайтын жасанды ортадағы құралдары, басқару мен өзін-өзі басқа-рудағы дидактикалық бірлестіктегі талдау еркіндігі [14]. В.А.Сухомлинский былай деген: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады».

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетіне байланысты А.Д.Сыздықов пен Ю.Б.Иманова өз мақаласында былай жазған: «Балалардағы даму сапалылығының тиімділігі өз бетімен, дербес шығармашылықта ұжыммен белсенді жұмыс жасау үшін, ересек топ балалары үшін қоршаған ортаға деген қызығушылықты дамыту өте қажет. Алынған материалдардың қорытындысына сараптама жасау негізінде, автор мынандай шешімге келді. Оқытуда тәжірибелі тиімділіктерді, жаңа мәліметтерді балалар шығармашылығында қолдана отырып, балалар бойындағы белсенділікті арттыруға болады», – дейді [15].

Б.Отто жалпы сабақтардың концепциясында басты рөлді сұхбат алады дегенді айтады. А.Рейхвейн теория мен тәжірибенің байланысын жоба десе, Г.Кершенштайнер еңбек мектебінен жобалау идеяларын немесе осы бағытта дамуды байқауға болатынын тұжырымдады [4,52 б].

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – балалардың қызығушылықын тасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыра отыра тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы баланы болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін көрсете білуге бейімдеу [6].

Нәтижелер мен пікір алмасу. Жаңа технологияны қолдану – тәрбиеші белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі мен шәкірттерін бағалау ерекшелігі арқылы жүзеге асады. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Тәрбиешінің міндеті – баланың бойындағы жасырын мүмкіндіктерін ашып көрсету. Бала тәрбиешінің бақылауымен орындаған шығармашылық жұмыс барысында өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Егер баланың бойындағы қабілетті тәрбиеші байқамаса, ол бала одан ары дамымай қалады. Сондықтан қабілеттің дамуына тәрбиеші түрткі бола білуі керек. Оқу әрекетін ұйымдастыру барысы қызықты өту үшін, тәрбиешінің даярлығы жоғары деңгейде болуы керек. Сахналау, үстел үсті театры, атрибуттар дайындауы қажет [7].

«Шығармашылық» білім беру саласының мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың сезімдік-эмоционалдық қиялы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Шығармашылық білім беру саласында ұйымдастырылатын оқу іс-әрекеті: сурет салу; мүсіндеу; жапсыру.

Жобалау технологиясын қолданып сурет салу арқылы баланың бойында шығармашылық қабілетін арттыруға болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда сурет салу өте пайдалы. Балалар сурет салу арқылы түстерді ажыратуға, қарандашты дұрыс ұстауға, пішіндердің атауын дұрыс атауға үйренеді. Табиғат аясына шығып еркін тақырыпта сурет салуға тапсырма берсек баланың қиялы дамып, сонымен қатар сурет салуға қызығушылығы артады. Баланың салған суретіне қарап, жан дүниесіне үңілуге болады.

Психологиялық ерекшеліктеріне және көңіл күйіне байланысты сурет салғанда қара түсті көп пайдаланып жатады, сондықтан баланың жай-күйін байқап, түзету жұмыстарын жүргізуге болады. Танымдық қабілетін арттыруға байланысты балаларға жыл мезгілін салуды тапсырма ретінде беріп, жыл мезгілі туралы түсініктерін қалыптастырады. Сонымен қатар, балалар түрлі пішіндерді салу арқылы алғашқы геометриялық фигуралар туралы түсінігін қалыптастырады.

Шығармашылық саласындағы оқу іс-әрекетінің бірі мүсіндеу өнері. Балалар ермексазды пайдаланып түрлі заттар жасауға талпынады. Мүсіндеу арқылы қиялына ерік беріп, түрлі ертегі кейіпкерлерін және әртүрлі пішіндегі заттарды жасауға үйренеді. Ермек-сазды пайдаланар алдында қауіпсіздік шараларын сақтау қажет: арнайы тақтайша да мүсіндеу, ермексазды ауызға салмау, ермексаз кескішпен жұмыс істегенде мұқият болу, т.б. Ермексазбен (сазбалшықпен) жұмысты аяқтағаннан кейін қолды қағаз майлықпен мұқият сүртіп, содан соң жылы сумен сабындап жуу қажет [9, 104 б.].

Тек балаларға зиянсыз заттарды пайдаланған жөн. Балалардың шығармашылық қабілетін арттырудағы қызықты әрі ерекше оқу іс-әрекеті жапсыру. Ең бірінші ескеретін жағдай алдын-ала жобалау бойынша баланың қауіпсіздігін ескеру, яғни қайшыны дұрыс қолдану, желімді дұрыс пайдалану және тазалықты сақтау қажет. Оқу іс-әрекетінің мақсаты: балаларды қайшымен дұрыс жұмыс жасау, қағаздарды белгіленген сызықтар бойынша дұрыс қиып, дұрыс желімдеуді үйрету [10].

Мысалы: балаларға тапсырма ретінде үйдің формасын қиып жапсыру. Алдымен балаға түсінікті болу үшін сәулет

өнері, үйдің қалай тұрғызылатыны және конструктор бөлшектерінен үйді қалай құрастыратындығын түсіндіру керек. Үйге қажетті шаршыларды қиып, негізгі бетке ретімен: «Үлкен шаршы – үйдің шатыры, орташа шаршы – үйдің қабырғасы, кіші шаршы – үйдің терезелері», – деп айтып, жапсы-рып шығамыз [11].

Білім беру саласында оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, баланың өзіндік іс-әрекеті және ересек адам мен баланың бірлескен іс-әрекеті арқылы іске асады. Баланың шығармашылық қиялы әрекет үстінде дамытындықтан, қызығушылығына сәйкес қабілетін дамытып отыру керек. Мысалы: сурет салу, мүсіндеу, жапсыру тәсілдері мен техникасын меңгермейінше, баланың осыған сәйкес шығармашылық қиялы да жоғары деңгейге жете алмайды.

Шығармашылық жоба – балалардың өз үйренгендерін практикада қолданып, қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін және өздігінен жасайтын қорытынды жұмыстары. Жобаның тақырыбын балалар өзі таңдайды. Жобаны оқу материалдары бойынша ғана емес, сонымен бірге өздерін қызықтыратын тақырып бойынша да орындауға болады [13].

Қорытынды. Сондай-ақ, бала бойында шығармашылықты дамытуда құлшыныс, білім алуға деген құштарлық өшпей, ары қарай дами түсуі қажет. Елімізде білім саласына енгізілген реформаның басты мақсаты ой-өрісі жетілген, шығармашылығы жоғары деңгейде қызмет атқаратын, дүниетанымдық көзқарасы жоғары, жан-жақты жетілген, білімді тұлға қалыптастыру. Мектепке дейінгі кезең баланың шығармашылық дамуы қарқынды жүретін уақыт. Сол себепті баланың оқу іс-әрекетін алдын ала жобалау техникасын пайдаланып дұрыс ұйымдастыра білген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Бердяев Н.А. Самопознание опыт философский автобиографии. – М., 1990. – 85 с.
 [2] Морозова Л.Д. Педагогическое проектирование в ДОУ: от теории к практике /Л.Д.Морозова. – М.: ТЦ Сфера, 2010 – 128 с.
 [3] Омарова М.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (20.01.2015) [Электрондық ресурсы]: URL: <https://infourok.ru/mektep-zhasina-deyingi-balalardi-shiarmashili-abiletterin-damitu-zholdari-1508482.ht> [өтінім берілген күні: 02.11.2020].

- [4] Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист. – 2004. - № 1. – С.50-54.
- [5] Бурханова Н. Шығармашылық қабілетін дамыту-әрбір педагогтың міндеті (1.04.2014) [Электрондық ресурс]: URL: <https://el.kz/kz/news/archive/content-21500> (өтінім берілген күні: 10.12.2020).
- [6] Тюлембекова Ж.М. Жобалау технологисын қолдану әдістері [Электрондық ресурс]: URL: <http://oqu-zaman.kz/?p=19076> (өтінім берілген күні: 10.12.2020).
- [7] Тастемирова К.Г. Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын арттыру: шығармашылық тақырыбы (21.12.2017) [Электрондық ресурс] URL: https://ust.kz/word/sygarmasylyq_taqyryby_ertegiler_arqyly_mektep_jasyna_deiingi_balalardyn_tanymdyq_dagdylaryn_arttyry_balabaqsa-19258.html (өтінім берілген күні: 10.12.2020).
- [8] Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт. – 2018. – 31 қазан. – ҚР БҒМ № 604 бұйрығы.
- [9] Сайманова Ш. Шығармашылық жоба. – 2014 [Электрондық ресурс]: URL: <https://infourok.ru/material.html?mid=65390> (өтінім берілген күні: 10.12.2020).
- [10] Дышлевый Л.С., Чценко Л.В. Регуляция творческой деятельности. – Воронеж, 1986. – 25 с.
- [11] Мүсіндеу. Әдістемелік нұсқау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектеп алды дайарлық тобы мен сыныбы педагогтеріне арналған /Тарасова Н.В., Заметаило Н.Г., Григорова А.Е. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2017. – 104 б.
- [12] Шоңғал Ж.Б. Шығармашылық «Жапсыру» технологиялық карталар жинағы (03.02.2017) [Электрондық ресурс]: URL: <https://videouroki.net/razrabotki/zhapsyru-tiekhnologhiialyk-kartalar-zhinag-y.html> (өтінім берілген күні: 10.12.2020).
- [13] Немудрая Е. Аппликация из геометрических фигур для детей разных возрастов [Электрондық ресурс]: URL: <https://homius.ru/applikatsiya-iz-geometricheskih-figur.html> (өтінім берілген күні: 05.11.2020).
- [14] Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық құзіреттілігін дамыту [Электрондық ресурс]: URL: <https://infourok.ru/mektep-zhasina-deyingi-balalardi-shiarmashili-zirettilig-damitu-2904212.html> (өтінім берілген күні: 10.12.2020).
- [15] Сыздықбаева А.Д., Иминова Ю.Б. Развитие познавательного интереса у детей старшего дошкольного возраста посредством опытной деятельности //Педагогика и психология. – 2017. – № 3(32). – С.139-144.

Reference

- [1] Berdyaev N.A. Samopoznanie opyt filosofiskij avtobiografii. – М., 1990. – 85 s.
- [2] Morozova L.D. Pedagogicheskoe proektirovanie v DOU: ot teorii k praktike /L.D.Morozova. – М.: TC Sfera, 2010 – 128 s.
- [3] Omarova M.K. Mektep zhasyna deyingi balalardyn shygarmashylyk kabiletterin damytu (20.01.2015) [Elektronдық resurs]: URL: <https://infourok.ru/mektep-zhasina-deyingi-balalardi-shiarmashili-abiletterin-damitu-zholdari-1508482.ht> [otininim berilgen kuni: 02.11.2020].
- [4] Pahomava N.Yu. Proektnoe obuchenie – chto eto? //Metodist. – 2004. – № 1. – S.50-54.
- [5] Burhanova N. Shygarmashylyk kabiletin damytu-arbir pedagogtyн mindeti (1.04.2014) [Elektronдық resurs]: URL: <https://el.kz/kz/news/archive/content-21500> (otininim berilgen kuni: 10.12.2020).
- [6] Tyulembekova Zh.M. Zhobalau tekhnologisyn koldanu adisteri [Elektronдық resurs]: URL: <http://oqu-zaman.kz/?p=19076> (otininim berilgen kuni: 10.12.2020).
- [7] Tastemirova K.G. Ertegiler arkyly mektep zhasyna deyingi balalardyn tanymdyq dagdylaryn arttyru: shygarmashylyk takyryby (21.12.2017) [Elektronдық resurs] URL: https://ust.kz/word/sygarmasylyq_taqyryby_ertegiler_arqyly_mektep_jasyna_deiingi_balalardyn_tanymdyq_dagdylaryn_arttyry_balabaqsa-19258.html (otininim berilgen kuni: 10.12.2020).
- [8] Mektepke deyingi tarbie men okytudyn memlekettik zhalpyga mindetti standart. – 2018. – 31 qazan. – KR BGM № 604 bujrygy.
- [9] Sajmanova Sh. Shygarmashylyk zhoba. – 2014 [Elektronдық resurs]: URL: <https://infourok.ru/material.html?mid=65390> (otininim berilgen kuni: 10.12.2020).

[10] Dyshlevyj L.S., Chcenko L.V. Reguljaciya tvorcheskoj deyatel'nosti. – Voronezh, 1986. – 25 s.

[11] Musindeu. Adistemelik nuskau. Mektepke dejingi tarbie men okytudyn ulgilik oku bagdarlamasy bojnynsha mektep aldy dajarlyk toby men synby pedagogterine arnalgan /Tarasova N.V., Zametajlo N.G., Grigorova A.E. – Almaty: Almaty kitap baspasy, 2017. – 104 b.

[12] Shongal Zh.B. Shygarmashylyk «Zhapsyru» tekhnologiyalyk kartalar zhinagy (03.02.2017) [Elektronnyk resurs]: URL: <https://videouroki.net/razrabotki/zhapsyru-tiekhnologhiialyk-kartalar-zhinag-y.html> (otinin berilgen kuni: 10.12.2020).

[13] Nemudraya E. Applikaciya iz geometricheskih figur dlya detej raznyh vozrastov [Elektronnyk resurs]: URL: <https://homius.ru/applikatsiya-iz-geometricheskih-figur.html> (otinin berilgen kuni: 05.11.2020).

[14] Mektep zhasyna dejingi balalardyn shygarmashylyk kuziretiligin damyту [Elektronnyk resurs]: URL: <https://infourok.ru/mektep-zhasyna-deyingi-balalardi-shiarmashili-ziretiligin-damitu-2904212.html> (otinin berilgen kuni: 10.12.2020).

[15] Syzdykbaeva A.D., Iminova Yu.B. Razvitie poznavatel'nogo interesa u detej starshego doshkol'nogo vozrasta posredstvom opytnoj deyatel'nosti //Pedagogika i psihologiya. – 2017. – №3(32). – S.139-144.

Технология проектной деятельности в развитии творческих способностей дошкольников

Г.Б.Тушиген¹, З.Е.Жумабаева¹

¹Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова (Кокшетау, Қазақстан)

Аннотация

В статье рассматривается процесс реализации технологии проектной деятельности в развитии творческих способностей дошкольников. Определяется важность развития творческих способностей детей в рамках обновления содержания образования в целом. На основе теоретического анализа по теме исследования даются основные определения понятий таких, как «технология проектной деятельности» и «творчество». Автор в контексте своего исследования рассматривает особенности технологии проектной деятельности и эффективность применения воспитателями в развитии творческих способностей детей в процессе организованной учебной деятельности в дошкольном учреждении. Также обозначает пять признаков творческой деятельности по Л.С.Дышлевым и Л.В.Яценко, эффективность качества развития творческой деятельности дошкольников через активную групповую работу по Т.Е.Сыздыкову и Ю.Б.Имановой. Приведены практические примеры проведения творческих занятий на рисование, лепку и аппликация.

Ключевые слова: творчество; способность; дизайн; технология; учебная деятельность; дошкольный возраст.

In the development of creative abilities of preschool children design technology

G.Tushigen¹, Z.E.Zhumbayeva¹

¹Sh.Ualikhanov Kokshetau University (Kokshetau, Kazakhstan)

Abstract

The article provides brief information about the creative word. Ways of development of creative abilities of children of preschool age by means of technology of designing are considered. The goals and importance of the development of children's creative abilities in the child's life are defined. The definition of design technology was issued. On the effectiveness of the use of design technology in the development of creative abilities. The features of the design technology and the importance of the development of children's creativity are considered. In the system of preschool education there are areas of creativity within the framework of the state compulsory standard of preschool education, indicating the types of projects. Ways of application of creative educational activity are presented. In preschool age, educational activities in drawing, music, modeling, modeling affects the influence of the child on the formation of creative and intellectual abilities and psychologically developed personality. The General tasks of creative development are considered.

Keywords: creativity; abilities; design; technology; educational activity; project; development; preschooler etc.

Редакцияға 14.03. 2021. қабылданды